Шоттың дебеті бойынша банк және ипотекалық ұйым кешкі кассаларының қызметкерлерінің есебіне берген қолма-қол ақша сомалары, сондай-ақ кешкі касса жүргізген операциялардан түскен қолма-қол ақша сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша бұрын берілген қолма-қол ақшаның сомалары оларды кешкі касса қызметкерінің есебіне сәйкес кешкі касса жүргізген операциялар бойынша беру немесе оларды банктің және ипотекалық ұйымның кассасына қайтару кезінде есептен шығарылады.

1005. Банкоматтардағы және электрондық терминалдардағы қолма-қол ақша (актив).

Шоттың мақсаты: Банкоматтардағы және электрондық терминалдардағы

қолма-қол ақша сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банкоматтарға және электрондық терминалдарға салынған қолма-қол ақша сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша банкоматтардан берілген және электрондық терминалдардан алынған қолма-қол ақша сомалары есептен шығарылады.

1006 Жолдағы жол жүру чектеріндегі ақша (актив).

Шоттың мақсаты: Банктің және ипотекалық ұйымның бір бөлімшесінен екіншісі бөлімшесіне не чектерде көрсетілген құнды алу үшін жол чектерінің эмитентіне жіберілген жол жүру чектеріндегі ақша сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банктің және ипотекалық ұйымның бір бөлімшесінен екіншісіне не чектерде көрсетілген құнды алу үшін жол чектерінің эмитентіне жіберілген жол жүру чектеріндегі ақша сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жол жүру чектерін алу туралы растаманы алғаннан кейін жол жүру чектеріндегі жіберілген ақша сомалары есептен шығарылады.

1007. Кассадағы, қымбат металдан жасалған металл ақша (актив).

Шоттың мақсаты: Кассадағы, қымбат металдан жасалған металл ақша сомаларын есепке алу. Осы металл ақша кейіннен әділ құны есепке алына отырып, бастапқыда сатып алу құны бойынша есепке алынады.

Кассаға келіп түскен, қымбат металдан жасалған металл ақша шоттың дебеті б о й ы н ш а ж а з ы л а д ы .

Шоттың кредиті бойынша кассадан берілген, қымбат металдан жасалған металл ақша оларды үшінші тұлғаларға сатқан немесе сыйға тартқан кезде есептен шығарылады.

1008. Жол чектеріндегі ақша (актив).

Шоттың мақсаты: Жол чектеріндегі ақша сомаларын есепке алу.

Жол чектеріндегі ақша сомалары шоттың дебеті бойынша жазылады.

Шоттың кредиті бойынша жол чектерін чек ұстаушыға берген (сатқан) кезде осы чектеріндегі ақша сомаларын есептен шығару жазылады.

1009. Қымбат емес металдардан дайындалған кассадағы коллекциялық м о н е т а л а р (а к т и в) .

Шоттың мақсаты: Қымбат емес металдардан дайындалған кассадағы коллекциялық монеталардың сомаларын есепке алу. Осы монеталар сатып алу құ ны б о й ы н ш а е с е п т е л е д і .

Шоттың дебеті бойынша кассаға түскен қымбат емес металдардан дайындалған коллекциялық монеталардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша оларды сату және үшінші тұлғаларға сыйға тарту кезінде кассадан берілген қымбат емес металдардан дайындалған коллекциялық монеталардың сомалары есептен шығарылады.

1011. Аффинирленген қымбат металдар (актив).

Шоттың мақсаты: Аффинирленген қымбат металдардың құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша аффинирленген қымбат металдардың құны ж а з ы л а д ы .

Шоттың кредиті бойынша тазартылған қымбат металдар баланстан шығарылған кезде олардың құнын есептен шығару жазылады.

1012. Жолдағы аффинирленген қымбат металдар (актив).

Шоттың мақсаты: Жолдағы тазартылған қымбат металдардың құнын есепке а л у .

Шоттың дебеті бойынша жолдағы аффинирленген қымбат металдардың құны ж а з ы л а д ы .

Шоттың кредиті бойынша алушыдан тазартылған қымбат металдарды алғандығы немесе аванстық есеп бергені жөнінде растама алғаннан кейін қымбат металдар баланстан шығарылған кезде олардың құны есептен шығарылады.

1013. Металл шоттарда орналастырылған қымбат металдар (актив).

Шоттың мақсаты: Металл шоттарда орналастырылған қымбат металдардың қ ұ н ы н е с е п к е а л у .

Шоттың дебеті бойынша металл шоттарда орналастырылған қымбат металдардың қ ұ н ы ж а з ы л а д ы .

Шоттың кредиті бойынша металл шоттарда орналастырылған қымбат металдар қайтарылған кезде олардың құны есептен шығарылады.

1051. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік е с е п ш о т (а к т и в) .

Есепшоттың мақсаты: Банктің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік есепшотындағы ақшасының сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша банктің Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік есепшотына келіп түскен ақша сомалары ж а з ы л а д ы .

Есепшоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде ашылған корреспонденттік есепшоттан ақша сомалары есептен шығарылады.

1052. Басқа банктердегі корреспонденттік есепшоттар (актив).

Есепшоттың мақсаты: Корреспондент-банктерде ашылған корреспонденттік есепшоттарындағы ақша сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша корреспондент-банктерде ашылған корреспонденттік есепшоттарға түскен ақша сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша корреспондент-банктерде ашылған корреспонденттік есепшоттардан ақша сомалары есептен шығарылды.

1053. Ипотекалық ұйымдардың банктердегі ағымдағы шоттары (актив).

Шоттың мақсаты: Ипотекалық ұйымдардың екінші деңгейдегі банктерде

ашылған ағымдағы шоттарындағы ақша сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша ипотекалық ұйымның банкте ашылған ағымдағы шотына түскен ақша сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ипотекалық ұйымның банкте ашылған ағымдағы шотынан ақша сомалары есептен шығарылады.

1054. Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар және ипотекалық ұйымдардың ағымдағы шоттары бойынша шығындарды жабуға арналған резервтер (провизиялар) (контрактив).

Шоттың мақсаты: Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар, ипотекалық ұйымдардың ағымдағы шоттары бойынша шығындарды жабуға арналған резервтер (провизиялар) сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа банктердегі корреспонденттік шоттар, ипотекалық ұйымдардың ағымдағы шоттары бойынша шығындарды жабуға арналған резервтер (провизиялар) сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша оларды жою немесе баланстан есептен шығару кезінде басқа банктердегі корреспонденттік шоттар, ипотекалық ұйымдардың ағымдағы шоттары бойынша шығындарды жабуға арналған резервтер (провизиялар) сомалары есептен шығарылады.

1101. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдары (бір түнге) (а к т и в) .

Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жұмыс күнінен кейінгі бір түнге салған салымдарының сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне жұмыс күнінен кейінгі бір түнге салған салымдарының сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша орналастырылған салымдардың сомалары олар қайтарылған кезде есептен шығарылады.

1102. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі талап ету бойынша с а л ы м д а р ы .

Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне орналастырған талап ету бойынша салымдардың сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне орналастырған талап ету бойынша салымдардың сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша орналастырылған талап ету бойынша салымдарының сомалары олар қайтарылған кезде есептен шығарылады.

1103. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі мерзімді салымдары.

Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне орналастырған мерзімді салымдарының сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне орналастырған мерзімді салымдарының сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша орналастырылған мерзімді салымдарының сомалары олар қайтарылған кезде есептен шығарылады.

1104. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі міндетті резервтері (а к т и в) .

Есепшоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі резервтелген ақша сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі резервтелген ақша сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша резервтелген ақша сомалары олар қайтарылған кезде есептен шығарылады.

1105. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде орналастырылған салымдар бойынша дисконт (контрактив).

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне орналастырылған салымдар бойынша ақшаның қайтарылатын сомасының салымдар бойынша (дисконт) орналастырылған нақты сомадан асып түскен с о м а с ы н е с е п к е а л у .

Шоттың кредиті бойынша салым бойынша қайтарылатын соманың салым бойынша (дисконт) нақты орналастырылған сомадан асып түскен сомасы ж а з ы л а д ы .

Шоттың дебеті бойынша N 4105 баланстық шоты бар корреспонденцияда орналастырылған салымдар бойынша дисконт амортизациясының сомасы жазылады.

1106. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінде орналастырылған салымдар бойынша сыйлықақы (актив).

Шоттың мақсаты: Салымдар бойынша нақты орналастырылған ақша (мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда) сомасының Қазақстан республикасының Ұлттық Банкінде орналастырылған салымдар бойынша қайтарылатын сомасынан асып түскен сомасын (сыйлықақы) есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша салымдар бойынша нақты орналастырылған ақша сомасының (мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда) салым бойынша қайтарылатын ақша сомасынан (сыйлықақы) асып түскен сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша N 5140 баланстық шоты бар корреспонденцияда орналастырылған салымдар бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы жазылады.

1150. Айналысқа шығарылғанға дейінгі ұлттық валюта банкноталары (актив).

Шоттың мақсаты: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен сатып алынған (алынған), айналысқа шығарылғанға дейінгі ұлттық валюта банкноталарының номиналдық құнын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінен

сатып алынған (алынған), айналысқа шығарылғанға дейінгі ұлттық валюта банкноталарының номиналдық құны жазылады.

Шоттың кредиті бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ұлттық валютаның банкноталарын айналысқа шығарғаннан кейін оларды 1000 шоттар тобының тиісті шотына есепке алған кезде ұлттық валюта банкноталарының номиналдық құны есептен шығарылады.

1201. Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есептелетін бағалы қағаздар (активтік).

Есепшоттың мақсаты: Банк әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есептеген бағалы қағаздардың номиналдық құнын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша кейіннен қайта сату мақсатында банк сатып алған бағалы қағаздардың номиналдық құны жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша бағалы қағаздарды сату кезіндегі олардың номиналдық құны жазылады, сондай-ақ олардың құны N 1202 баланстық шотқа жатқызылады немесе бағалы қағаздар басқа санатқа аударылады.

1202. Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша есептелетін бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен берешек (актив).

Есепшоттың мақсаты: Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша есептелетін бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен берешектің сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша есептелетін бағалы қағаздар бойынша мерзімі өткен берешектің сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша есептелетін бағалы қағаздар бойынша мерзім өткен берешекті сатқан, өтеген немесе олар баланстан шығарылған кезде олардың сомалары есептен шығарылады.

1205. Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есептелетін, сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт (қарсы актив).

Шоттың мақсаты: Әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есептелетін бағалы қағаздардың номиналдық құнының олардың сатып алу құнынан асып кетуін есепке алу (дисконт).

Шоттың кредиті бойынша әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы есептелетін бағалы қағаздардың номиналдық құнының олардың сатып алу құнынан асып кету сомасы жазылады (дисконт).

Шоттың дебеті бойынша әділ құны бойынша пайда немесе зиян арқылы

есептелетін, сатып алынған бағалы қағаздар бойынша дисконт амортизациясының сомасы N 4202 баланстық шотпен корреспонденцияда жазылады.

1206. Саудаға арналған, сатып алынған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы (актив).

Шоттың мақсаты: Саудаға арналған бағалы қағаздардың номиналдық құнының олардың сатып алу құнынан асып кетуін есепке алу (сыйлықақы).

Шоттың дебеті бойынша саудаға арналған бағалы қағаздардың номиналдық құнының олардың сатып алу құнынан асып кету сомасы жазылады (сыйлықақы).

Шоттың кредиті бойынша сатып алынған саудаға арналған бағалы қағаздар бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы N 5305 баланстық шотпен корреспонденцияда жазылады.

1208. Саудаға арналған бағалы қағаздардың әділ құнын оң түзету шоты (актив)

Шоттың мақсаты: Саудаға арналған бағалы қағаздарды бағалаудан түскен жұмсалмаған кірістер сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша бағалы қағаздардың әділ құнын көтеруден түскен жұмсалмаған кірістердің сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша оларды өтеу, сату немесе баланстан есептен шығару кезінде бағалы қағаздардың әділ құнын оң түзету сомалары есептен шығарылады.

1209. Саудаға арналған бағалы қағаздардың әділ құнын теріс түзету шоты (қарсы актив).

Шоттың мақсаты: Саудаға арналған бағалы қағаздарды қайта бағалаудан шығыстардың сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша саудаға арналған бағалы қағаздардың әділ құнын төмендетуден жұмсалмаған шығыстардың сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша саудаға арналған бағалы қағаздардың әділ құнын оң түзету сомасы осы бағалы қағаздар сатылған кезде N 1208 баланстық шотпен сальдо жасаған кезде осы сома есептен шығарылады.

1251. Басқа банктерде орналастырылған салымдар (бір түнге) (актив).

Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерге салым орналастырылған күннен кейінгі жұмыс күні басталғанға дейін орналастырған салымдарының сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктерге салым орналастырылған күннен кейінгі жұмыс күні басталғанға дейін орналастырған салымдарының сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша орналастырылған салымдардың қайтарылған

немесе оларды N 1253 немесе N 1257 баланстың есепшоттарға жатқызу кезіндегі сомасы есептен шығарылады.

1252. Басқа банктерге орналастырылған талап ету бойынша салымдары (актив).

Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерге бір айды қоса алғандағы мерзімге орналастырған талап ету бойынша салымдарының сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктерге орналастырған талап ету бойынша салымдарының сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша орналастырылған талап ету бойынша салымдардың қайтарылған немесе оларды N 1257 баланстық шотқа жатқызу кезіндегі сомасы есептен шығарылады.

1253. Басқа банктерге орналастырылған қысқа мерзімді салымдар (бір айға дейінгі) (актив).

Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерге бір айды қоса алғандағы мерзімге орналастырған салымдарының сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктерге орналастырған қысқа мерзімді салымдарының сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша орналастырылған қысқа мерзімді салымдардың қайтарылған немесе оларды N 1257 баланстық шотқа жатқызу кезіндегі сомасы есептен шығарылады.

1254. Басқа банктерге орналастырылған қысқа мерзімді салымдар (бір жылға дейінгі) (актив).

Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерге бір жылды қоса алғандағы мерзімге орналастырған салымдарының сомаларын есепке алу.

Басқа банктерге орналастырған қысқа мерзімі салымдарының сомалары ж а з ы л а д ы .

Есепшоттың кредиті бойынша қысқа мерзімі салымдардың қайтарылған немесе оларды N 1257 баланстық шотқа жатқызу кезіндегі сомасы есептен шығарылады.

1255. Басқа банктерге орналастырылған ұзақ мерзімді салымдар (актив).

Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерге бір жылдан астам мерзімге орналастырған салымдарының сомалары есепке алынады.

Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктерге орналастырған ұзақ мерзімді салымдарының сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша орналастырылған ұзақ мерзімді салымдардың қайтарылған немесе оларды N 1257 баланстық шотқа жатқызу кезіндегі сомасы есептен шығарылады.

1256. Басқа банктерге орналастырылған шартты салымдар (актив).

Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерге орналастырылған шартты салымдарының сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктерге орналастырылған шартты салымдарының сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша орналастырылған шартты салымдардың қайтарылған немесе оларды N 1257 баланстық шотқа жатқызу кезіндегі сомасы есептен шығарылады.

1257. Басқа банктердің салымдар бойынша мерзімі өткен берешегі (актив).

Есепшоттың мақсаты: Орналастырылған салымдар бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша басқа мерзімі өткен берешегінің сомасын есепке алу.

Есептің дебеті бойынша орналастырылған салымдар бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша басқа мерзімі өткен берешегінің сомасы жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша орналастырылған салымдар бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешектің сомасын басқа өтеген немесе олар баланстан шығарылған кезде есептен шығарылады.

1259. Басқа банктерде орналастырылған салымдар бойынша резервтер (қарсы актив).

Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерге орналастырған салымдар бойынша резервтердің сомаларын есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша басқа банкке орналастырған салымдар бойынша құрылған резервтердің сомалары жазылады.

Есепшоттың дебеті бойынша құрылған резервтердің сомалары жойған немесе орналастырылған салымдар бойынша үмітсіз берешек сомаларының балансынан есептен шығарған кезде есептен шығарылады.

1260. Басқа банктерде орналастырылған мерзімді салымдардың құнын оң түзету шоты (актив).

Шоттың мақсаты: Басқа банктерде орналастырылған өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді салымның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын ұлғайту нәтижесінде пайда болған оң түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа банктерде орналастырылған өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді салымның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын ұлғайту нәтижесінде пайда болған оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша мерзімді салымның есепке алу (баланстық) құнының сомасы N 1261 баланстық шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың оң түзету сомасын есептен шығару жазылады.

1261. Басқа банктерде орналастырылған мерзімді салымның құнын оң түзету шоты (қарсы актив).

Шоттың мақсаты: Басқа банктерде орналастырылған, өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді салымның құнын осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған теріс түзету сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа банкке орналастырылған, өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді салымның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша мерзімді салымның есепке алу (баланстық) құны N 1260 шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың теріс түзету сомасы есептен шығарылады.

1262. Басқа банктерде орналастырылған мерзімді салымның құнын
теріс түзету шоты (актив).

Шоттың мақсаты: Басқа банктерде орналастырылған, өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді салымның құнын осы активтің әділ құнын ұлғайту нәтижесінде пайда болған теріс түзету сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа банктерде орналастырылған, өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді салымның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша мерзімді салымның есепке алу (баланстық) құны N 1263 шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың оң түзету сомасы есептен шығарылады.

1263. Басқа банктерде орналастырылған шартты салымның құнын
оң түзету шоты (қарсы актив).

Шоттың мақсаты: Басқа банктерде орналастырылған, өтеу мерзімі бір жылдан асатын шартты салымның құнын осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған теріс түзету сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа банктерде орналастырылған, өтеу мерзімі бір жылдан асатын шартты салымның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша шартты салымның есепке алу (баланстық) құны N 1262 шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың теріс түзету сомасы есептен шығарылады.

1264. Банктің және ипотекалық ұйымның міндеттемелерін
қамтамасыз ету болып табылатын салым (актив).

Шоттың мақсаты: Банктің және ипотекалық ұйымның олардың міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілдік беру, ипотека) ретінде банктік салым шарты бойынша және кепіл шарты бойынша өткізілген, иеленуді және пайдалануды Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 303-бабының 1-тармағына сәйкес кепіл беруші банк жүзеге асыратын ақша (салым) сомасын есепке алу. Осы шот банктік шот болып табылады.

Шоттың дебеті бойынша банктің және ипотекалық ұйымның міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілдік, ипотека) ретінде берілген ақша сомасы жазылады. Шоттың кредиті бойынша кепіл шартының және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес банктің, кредиттік серіктестіктің және ипотекалық ұйымның міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілдік, ипотека) ретінде берілген ақша (салым) сомаларын есептен шығару жазылады.

1265. Басқа банктерге орналастырылған салымдар бойынша дисконт (контрактив) .

Шоттың мақсаты: басқа банктерге орналастырылған салымдар бойынша қайтарылған ақша сомаларының салымдар бойынша (дисконт) нақты орналастырылған ақша сомасынан асып түскен соманы есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша салым бойынша қайтарылған соманың салым бойынша нақты орналастырылған ақша сомасынан (дисконт) асып түскен сомасы жазылады .

Шоттың дебеті бойынша N 4266 баланстық шоты бар корреспонденцияда орналастырылған салымдар бойынша дисконт амортизациясының сомасы жазылады .

1266. Басқа банктерге орналастырылған салымдар бойынша сыйлықақы (актив) .

Шоттың мақсаты: Салымдар бойынша нақты орналастырылған ақша сомасынан (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) салымдар бойынша (сыйлықақы) қайтарылатын сомадан асып түскен соманы есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша салымдар бойынша нақты орналастырылған ақша сомасының (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) салым бойынша қайтарылған ақша сомасынан (сыйлықақы) асып түскен сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша N 5141 баланстық шоты бар корреспонденцияда орналастырылған салымдар бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы жазылады .

1267. Банктің және ипотекалық ұйымның міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілдік) ретінде берілген ақшаларын сақтау шоты (актив).

Шоттың мақсаты: Банктің және ипотекалық ұйымның олардың міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілдік беру, ипотека) ретінде банктік салым шарты бойынша және кепіл шарты бойынша өткізілген, иеленуді Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (жалпы бөлім) 303-бабының 2-тармағына сәйкес кепіл беруші банк жүзеге асыратын ақша сомасын есепке алу. Осы шот банктік шот болып табымайды .

Шоттың дебеті бойынша банктің және ипотекалық ұйымның міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілдік) ретінде берілген ақша сомалары жүргізіледі.

Шоттың кредиті бойынша кепіл туралы шарттың немесе кепілзат беру туралы

келісімнің талаптарына және Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктің және ипотекалық ұйымның міндеттемелерін қамтамасыз ету (кепілзат, кепілдік) ретінде берілген ақша сомалары есептен шығарылады.

1301. Басқа банктердің корреспонденттік есепшоттары бойынша
овердрафт заемдары (актив).

Есепшоттың мақсаты: Басқа банктердің корреспонденттік есепшоттары бойынша берген овердрафт заемдарының сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктердің корреспонденттік есепшоттары бойынша берген овердрафт заемдарының сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша берілген овердрафт заемдарының сомалары оларды басқа өтеген немесе оларды N 1307 баланстық шотқа жатқызған кезде есептен шығарылады.

1302. Басқа банктерге берілген қысқа мерзімді заемдар
(актив) .

Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерге бір жылды қоса алғандағы мерзімге берген заемдарының сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктерге берген қысқа мерзімді заемдарының сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша берілген қысқа мерзімді заемдардың сомалары оларды басқа банк өтеген немесе оларды N 1307 баланстық шотқа жатқызған кезде есептен шығарылады.

1303. Басқа банктерге берілген овернайт заемдар (актив).

Шоттың мақсаты: Басқа банктерге берілген овернайт заемдарының сомаларын е с е п к е а л у .

Шоттың дебеті бойынша басқа банкке берілген овернайт заемдардың с о м а л а р ы ж а з ы л а д ы .

Шоттың кредиті бойынша басқа банктерге берілген овернайт заемдар өтелген немесе N 1302 немесе N 1306 баланстық шотқа жатқызылған кезде олардың сомалары есептен шығарылады.

1304. Басқа банктерге берілген ұзақ мерзімді заемдар (актив).

Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерге бір жылдан астам мерзімге берген заемдарының сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктерге берген ұзақ мерзімді заемдарының сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша берілген ұзақ мерзімді заемдардың сомалары оларды басқа банк өтеген немесе оларды N 1307 баланстық шотқа жатқызған кезде есептен шығарылады.

1305. Басқа банктерге қаржы лизингі (актив).

Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерге берген қаржы лизингі бойынша негізгі

б о р ы ш т ы е с е п к е а л у .

Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктерге берген қаржы лизингі бойынша негізгі борышының сомалары жүргізіледі.

Есепшоттың кредиті бойынша берілген қаржы лизингі бойынша борыштың негізгі сомасы оларды басқа банк өтеген немесе оларды N 1309 баланстық есепшотқа жатқызған кездегі сомасы есептен шығарылады.

1306. Басқа банк заемы бойынша мерзімі өткен берешегі (а к т и в) .

Есепшоттың мақсаты: Басқа банктердің берілген заемдар бойынша негізгі сома бойынша мерзім өткен берешектің сомасын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша басқа банктердің берілген заемдар бойынша негізгі сома бойынша мерзім өткен берешектің сомасы жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша берілген заемдар бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешектің сомасы олар баланстан шығарылған жатқызған кезде есептен шығарылады.

1309. Басқа банктердің қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен берешегі (актив) .

Есепшоттың мақсаты: Берілген қаржы лизингі бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша басқа банктердің мерзімі өткен берешегінің сомаларын есепке а л у .

Есепшоттың дебеті бойынша берілген қаржы лизингі бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша басқа банктердің мерзімі өткен берешегінің сомалары ж а з ы л а д ы .

Есепшоттың кредиті бойынша берілген қаржы лизингі бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша басқа банктердің мерзімі өткен берешегінің сомалары оларды өтеген немесе банк баланстан есептен шығарған кезде есептен шығарылады.

1310. Басқа банктерге берілген заемның құнын оң түзету шоты (а к т и в) .

Шоттың мақсаты: Басқа банктерге берілген, өтеу мерзімі бір жылдан асатын заемның құнын есепке алу (баланстық) осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған оң түзету сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша басқа банктерге берілген, өтеу мерзімі бір жылдан асатын заемның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын ұлғайту нәтижесінде пайда болған оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша заемның есепке алу (баланстық) құны N 1311 шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың оң түзету сомасы есептен шығарылады.

1311. Басқа банктерге берілген заемның құнын теріс түзету
ш о т ы (қ а р с ы а к т и в) .

Шоттың мақсаты: Басқа банктерге берілген, өтеу мерзімі бір жылдан асатын заемның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған теріс түзету сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша басқа банктерге берілген, өтеу мерзімі бір жылдан асатын заемның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша заемның есепке алу (баланстық) құны N 1310 шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың теріс түзету сомасы есептен шығарылады.

1312. Басқа банктерге берілген заемдар бойынша дисконт (контрактив).

Шоттың мақсаты: Нақты берілген заем (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) сомасынан заемды өтеу сомасының асып түскен сомасын (дисконт)
е с е п к е а л у .

Шоттың кредиті бойынша нақты берілген заем сомасынан (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) сомасынан заемды өтеу сомасының асып түскен
с о м а с ы (д и с к о н т) ж а з ы л а д ы .

Шоттың дебеті бойынша N 4312 баланстық шоты бар корреспонденцияда берілген заем бойынша дисконт амортизациясының сомасы жазылады.

1313. Басқа банктерге берілген заемдар бойынша сыйлықақы (актив).

Шоттың мақсаты: Заемды өтеу сомасынан (сыйлықақы) нақты берілген заем (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) сомасының асып түскен сомасын
е с е п к е а л у .

Шоттың дебеті бойынша өтелетін заем сомасынан (сыйлықақы) нақты берілген заем (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) сомасының асып
т ү с к е н с о м а с ы ж а з ы л а д ы .

Шоттың кредиті бойынша N 5070 баланстық шоты бар корреспонденцияда берілген заем бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы жазылады.

1319. Басқа банктерге берілген заемдар және қаржы лизингі
бойынша резервтер (қарсы актив).

Есепшоттың мақсаты: Басқа банктерге берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша резервтердің сомаларын есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша басқа банктерге берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша резервтердің сомалары жазылады.

Есепшоттың дебеті бойынша құрылған резервтердің сомалары жойған немесе берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша үмітсіз берешек сомаларының балансынан есептен шығарған кезде есептен шығарылады.

1321. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген овердрафт заемдары (актив).

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген овердрафт заемдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген овердрафт заемдардың сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген овердрафт заемдарды банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар өтеген немесе олар N 1327 баланстық шотқа жатқызылған кезде олардың сомалары есептен шығарылады.

1322. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қысқа мерзімді заемдар (актив).

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген, өтеу мерзімі қоса алғанда бір жыл болатын заемдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қысқа мерзімді заемдардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген қысқа мерзімді заемдарды банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар өтеген немесе олар N 1327 баланстық шотқа жатқызылған кезде олардың сомалары есептен шығарылады.

1323. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген ұзақ мерзімді заемдар (актив).

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген, өтеу мерзімі бір жыл болатын заемдардың сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген ұзақ мерзімді заемдардың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген ұзақ мерзімді заемдарды банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар өтеген немесе олар N 1327 баланстық шотқа жатқызылған кезде олардың сомалары есептен шығарылады.

1324. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемның құнын оң түзету шоты (актив).

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген, өтеу мерзімі бір жылдан асатын заемның осы активтің әділ құнын ұлғайту нәтижесінде пайда болған есепке алу (баланстық) құнын оң түзету сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге

асыратын ұйымдарға берілген, өтеу мерзімі бір жылдан асатын заемның осы активтің әділ құнын ұлғайту нәтижесінде пайда болған есепке алу (баланстық) құнын оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша ұсынылған заемның есепке алу (баланстық) құны N 1325 шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың оң түзету сомасы есептен шығарылады.

1325. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемның құнын теріс түзету шоты (қ а р с ы а к т и в) .

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген, өтеу мерзімі бір жылдан асатын заемның осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған есепке алу (баланстық) құнын теріс түзету сомасын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген, өтеу мерзімі бір жылдан асатын заемның осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған есепке алу (баланстық) құнын теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша ұсынылған заемның есепке алу (баланстық) құны N 1324 шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың теріс түзету сомасы есептен шығарылады.

1326. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қаржы лизингі (актив).

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қаржы лизингі бойынша негізгі борыштың сомасын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға берілген қаржы лизингі бойынша негізгі борыштың сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша қаржы лизингі бойынша негізгі борыштың сомасын банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым өтеген немесе оларды N 1328 баланстық шотқа жатқызылған кезде олардың сомалары есептен шығарылады.

1327. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар бойынша мерзімі өткен берешек (а к т и в) .

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың берілген заемдар бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге

асыратын ұйымның берілген заемдар бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешегінің сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген заемдар бойынша борыштың негізгі сомасын банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым өтеген немесе оларды есептен шығарған кезде олардың сомалары есептен шығарылады.

1328. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген қаржы лизингі бойынша мерзімі өткен
б е р е ш е к (а к т и в) .

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың берілген қаржы лизингі бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның берілген қаржы лизингі бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешегінің сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым берілген қаржы лизингі бойынша борыштың негізгі сомасын өтеген немесе оларды есептен шығарған кезде олардың сомалары есептен шығарылады.

1329. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша
р е з е р в т е р (қ а р с ы а к т и в) .

Шоттың мақсаты: Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша резервтердің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша құрылатын резервтердің сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша сенімсіз берешектің сомалары жойылған немесе олар баланстан есептен шығарған кезде құрылған резервтердің сомаларын есептен шығарылады.

1330. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар бойынша дисконт (контрактив).

Шоттың мақсаты: Нақты берілген заем (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) сомасынан заемды өтеу сомасының асып түскен сомасын (дисконт) е с е п к е а л у .

Шоттың кредиті бойынша нақты берілген заем сомасынан (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) сомасынан заемды өтеу сомасының асып түскен сомасы (д и с к о н т) ж а з ы л а д ы .

Шоттың дебеті бойынша N 4327 баланстық шоты бар корреспонденцияда берілген заем бойынша дисконт амортизациясының сомасы жазылады.

1331. Банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға берілген заемдар бойынша сыйлықақы (актив).

Шоттың мақсаты: Заемды өтеу сомасынан (сыйлықақы) нақты берілген заем (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) сомасының асып түскен сомасын е с е п к е а л у .

Шоттың дебеті бойынша заемды өтеу сомасынан (сыйлықақы) нақты берілген заем (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) сомасының асып түскен с о м а с ы ж а з ы л а д ы .

Шоттың кредиті бойынша N 5071 баланстық шоты бар корреспонденцияда берілген заем бойынша сыйлықақы амортизациясының сомасы жазылады.

1351. Бас офісімен есеп айырысу (актив).

Есепшоттың мақсаты: Филиалының оның бас офісінде ашылған корреспонденттік есепшотындағы ақша сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша филиалының оның бас офісінде ашылған корреспонденттік есепшотына түскен ақша сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша филиалының корреспонденттік есепшотынан ақша сомалары есептен шығарылады.

1352. Жергілікті филиалдарымен есеп айырысу (актив).

Есепшоттың мақсаты: Бас офісінің жергілікті филиалда ашылған корреспонденттік есепшотындағы ақша сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша бас офісінің жергілікті филиалда ашылған корреспонденттік есепшотына түскен ақша сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша бас офісінің жергілікті филиалда ашылған корреспонденттік есепшотынан ақша сомалары есептен шығарылады.

1353. Шетелдік филиалдарымен есеп айырысу (актив).

Есепшоттың мақсаты: Бас офісінің шетелдік филиалында ашылған корреспонденттік есепшотындағы ақша сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша бас офісінің шетелдік филиалында ашылған корреспонденттік есепшотына түскен ақша сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша бас офісінің шетелдік филиалында ашылған корреспонденттік есепшотынан ақша сомалары есептен шығарылады.

1401. Клиенттерге берілген овердрафт заемдары (актив).

Есепшоттың мақсаты: Клиенттердің банктік есепшоттары бойынша берген овердрафт заемдарының сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша клиенттердің банктік есепшоттары бойынша берген овердрафт заемдарының сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша берілген овердрафт заемдарының сомалары

оларды клиент өтеген немесе оларды N 1424 баланстық шотқа жатқызған кезде есептен шығарылады.

1403. Клиенттердің кредит карточкалары бойынша
есепшоттар (актив).

Есепшоттың мақсаты: Кредит карточкаларын ұстаушыларға берген заемдардың сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша кредит карточкасын ұстаушыға берген заемдардың сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша берілген заемдардың сомалары оларды кредит карточкасын ұстаушы өтеген немесе оларды N 1424 баланстық шотқа жатқызған кезде есептен шығарылады.

1405. Клиенттердің есепке алынған вексельдері (актив).

Есепшоттың мақсаты: Клиенттердің есепке алынған вексельдерінің номиналды құнының сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша клиенттердің есепке алынған вексельдерінің номиналды құнының сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша есепке алынған вексельдердің номиналды құнының сомалары оларды клиент өтеген немесе қайта сатқан немесе оларды банк N 1424 баланстық шотқа жатқызған кезде есептен шығарылады.

1406. Клиенттердің нақтыланған вексельдері бойынша бұрынғы вексель ұстаушылар есептеген сыйақы (актив).

Шоттың мақсаты: Клиенттердің нақтыланған вексельдері бойынша бұрынғы ұстаушылар есептеген сыйақы сомаларын оларды сатып алғанға дейінгі сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиенттердің нақтыланған вексельдері бойынша бұрынғы ұстаушылар есептеген сыйақы сомаларын оларды сатып алғанға дейінгі сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша клиенттердің нақтыланған вексельдері бойынша бұрынғы ұстаушылар есептеген сыйақы сомаларын есептен шығарады.

1407. Клиенттерге факторинг (актив).

Есепшоттың мақсаты: Клиенттердің үшінші тұлғалар қайта берген борыштары бойынша талаптардың сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша клиенттердің үшінші тұлға қайта берген борыштары бойынша талаптардың сомалары жазылады.

Кредиті бойынша қайта берілген талаптардың сомалары оларды үшінші тұлға өтеген немесе оларды N 1409 баланстық шотқа жатқызған кезде есептен шығарылады.

1409 Клиенттердің факторинг бойынша мерзімі өткен берешегі (актив).

Шоттың мақсаты: Клиенттердің берілген факторинг бойынша борыштың

негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиенттің берілген факторинг бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешегінің сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша клиент берілген факторинг бойынша борыштың негізгі сомасын жойған немесе олар баланстан есептен шығарған кезде клиенттің мерзімі өткен берешегінің сомалары есептен шығарылады.

1411. Клиенттерге берілген қысқа мерзімді заемдар (актив).

Есепшоттың мақсаты: Клиенттерге бір жылды қоса алғандағы мерзімге берген заемдарының сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша клиенттерге берген қысқа мерзімді заемдарының сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша берілген қысқа мерзімді заемдардың сомалары оларды клиент өтеген немесе оларды N 1424 баланстық шотқа жатқызған кезде есептен шығарылады.

1417. Клиенттерге берілген ұзақ мерзімді заемдар (актив).

Есепшоттың мақсаты: Клиенттерге бір жылдан астам мерзімге берген заемдарының сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша клиенттерге берген ұзақ мерзімді заемдарының сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша берілген ұзақ мерзімді заемдардың сомалары оларды клиент есептен шығарған немесе оларды N 1424 баланстық шотқа жатқызған кезде есептен шығарылады.

1420. Клиенттерге қаржы лизингі (актив).

Есепшоттың мақсаты: Клиенттерге берген қаржы лизингі бойынша негізгі борыштың сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша клиенттерге берген қаржы лизингі бойынша негізгі борыштың сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша берілген қаржы лизингінің сомалары оларды клиент өтеген немесе оларды N 1421 баланстық шотқа жатқызған кезде есептен шығарылады.

1421. Қаржы лизингі бойынша клиенттердің мерзімі өткен берешегі (актив).

Есепшоттың мақсаты: Берілген қаржы лизингі бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша клиенттердің мерзімі өткен берешегінің сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша берілген қаржы лизингі бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша клиенттің мерзімі өткен берешегінің сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша берілген қаржы лизингі бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша клиенттің мерзімі өткен берешегінің сомалары оларды клиент өтеген немесе баланстан есептен шығарған кезде есептен шығарылады.

1422. Клиенттерге форфейтинг (актив).

Есепшоттың мақсаты: Тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) сатып алушының сатушыға айналымсыз вексельдер сатып алу арқылы алынған борыштық міндеттемелері бойынша банк талаптарының сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) сатып алушының сатушыға айналымсыз вексельдер сатып алу арқылы алынған борыштық міндеттемелері бойынша талаптарының сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша талаптарының сомалары оларды тауарлар (жұмыстар, қызмет көрсетулер) сатып алушы өтеген немесе оларды N 1423 баланстық шотқа жатқызған кезде есептен шығарылады.

1423. Клиенттердің форфейтинг бойынша мерзімі өткен берешегі (актив) .

Шоттың мақсаты: Клиенттердің берілген форфейтинг бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша мерзімі өткен берешегінің сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша берілген форфейтинг бойынша борыштың негізгі сомасын клиент жойған немесе олар баланстан есептен шығарған кезде олардың сомалары есептен шығарылады.

Шоттың кредиті бойынша клиент берілген форфейтинг бойынша борыштың негізгі сомасын жойған немесе олар баланстан есептен шығарған кезде клиенттің мерзімі өткен берешегінің сомалары есептен шығарылады.

1424. Клиенттердің заемдары бойынша мерзімі өткен берешегі (актив) .

Есепшоттың мақсаты: Клиенттің банк берілген заемдар бойынша борышының негізгі сомасы бойынша мерзім өткен берешегінің сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша клиенттің банк берілген заемдар бойынша борышының негізгі сомасы бойынша мерзім өткен берешегінің сомалары жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша берілген заемдар бойынша борыштың негізгі сомасы бойынша клиенттің мерзімі өткен берешегінің сомалары оларды клиент өтеген немесе олар баланстан есептен шығарылған кезде есептен шығарылады.

1425. Клиенттердің наразылық білдірілген вексельдері (актив).

Есепшоттың мақсаты: Наразылық білдірілген вексельдердің, яғни акцептеуде немесе төлем жасауға наразылық білдірілген вексельдердің номиналды құнының сомаларын есепке алу.

Есепшоттың дебеті бойынша наразылық білдірілген вексельдердің номиналдық құнының сомалары оларды төлем жасаушы акцептеуден не төлем

жасаудан бас тартқан кезде жазылады.

Есепшоттың кредиті бойынша наразылық білдірген вексельдердің номиналдық құнының сомалары оларды төлем жасаушы төлеген не оларды құрылған провизиялар (резервтер) есебінен баланстан шығарған жағдайда есептен шығарылады.

1426. Сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша клиентке талаптар (активтік).

Шоттың мақсаты: Исламдық банктің сауда делдалы ретінде коммерциялық кредит бере отырып сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша клиенттерге талаптарының сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша исламдық банктің сауда делдалы ретінде коммерциялық кредит бере отырып сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша клиенттерге талаптарының сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша исламдық банктің сауда делдалы ретінде коммерциялық кредит бере отырып сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша клиенттерге талаптарының сомалары клиент оларды өтеген немесе олар N 1427 баланстық шотқа жатқызылған кезде есептен шығарылады.

1427. Сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша мерзімі өткен берешек (активтік).

Шоттың мақсаты: Сауда делдалы ретінде коммерциялық кредит бере отырып сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша клиенттердің мерзімі өткен берешектерінің сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша сауда делдалы ретінде коммерциялық кредит бере отырып сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша клиенттердің мерзімі өткен берешектерінің сомалары жазылады.

Шоттың кредиті бойынша сауда делдалы ретінде коммерциялық кредит бере отырып сауда қызметін қаржыландыру операциялары бойынша мерзімі өткен берешектерінің сомалары клиент оларды өтеген немесе олар баланстан шығарылған кезде есептен шығарылады.

1428. Клиенттерге берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша резервтер (қарсы актив).

Есепшоттың мақсаты: Клиенттерге берген заемдар және қаржы лизингі бойынша резервтердің сомаларын есепке алу.

Есепшоттың кредиті бойынша клиенттерге берген заемдар және қаржы лизингі бойынша арнайы құрылған резервтердің (провизиялардың) сомалары жазылады.

Есепшоттың дебеті бойынша арнайы құрылған резервтердің (провизиялардың)

) сомалары жойған немесе ол берілген заемдар және қаржы лизингі бойынша үмітсіз берешектің сомаларын баланстан есептен шығарған кезде есептен шығарылады.

1429. Клиенттерге берілген өзге де заемдар (актив).

Есепшоттың мақсаты: Клиенттерге берген өзге де заемдардың сомаларын е с е п к е а л у .

Есепшоттың дебеті бойынша клиенттерге берген өзге де заемдардың с о м а л а р ы ж а з ы л а д ы .

Есепшоттың кредиті бойынша берілген өзге заемдардың сомалары оларды клиент өтеген немесе оларды N 1424 баланстық шотқа жатқызған кезде есептен шығарылады.

1430. Клиенттерге берілген заемның құнын оң түзету шоты (а к т и в) .

Шоттың мақсаты: Клиенттерге берілген өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді заемның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын ұлғайту нәтижесінде пайда болған оң түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша клиентке берілген өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді заемның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын ұлғайту нәтижесінде пайда болған оң түзету сомасы жазылады.

Шоттың кредиті бойынша заемның есепке алу (баланстық) құнының сомасы N 1431 баланстық шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың оң түзету сомасы есептен шығарылады.

1431. Клиенттерге берілген заемның құнын теріс түзету шоты (қ а р с ы а к т и в) .

Шоттың мақсаты: Клиенттерге берілген өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді заемның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған теріс түзету сомаларын есепке алу.

Шоттың кредиті бойынша клиентке берілген өтеу мерзімі бір жылдан асатын мерзімді заемның есепке алу (баланстық) құнын осы активтің әділ құнын азайту нәтижесінде пайда болған теріс түзету сомасы жазылады.

Шоттың дебеті бойынша заемның есепке алу (баланстық) құнының сомасы N 1430 баланстық шотпен сальдо жасалған кезде осы соманың теріс түзету сомасы есептен шығарылады.

1432. Есепке алынған вексельдер бойынша дисконт (контрактив).

Шоттың мақсаты: Есепке алынған вексельдер бойынша дисконттың с о м а л а р ы н е с е п к е а л у .

Шоттың кредиті бойынша есепке алынған вексельдер бойынша дисконттың с о м а л а р ы ж а з ы л а д ы .

Шоттың дебеті бойынша есепке алынған вексельдер бойынша дисконттың

сомалары есептеу әдістемесіне сәйкес кірістердің тиісті баланстық шоттарына есепке шығарылады.

1433. Есепке алынған вексельдер бойынша сыйлықақы (актив).

Шоттың мақсаты: Вексельдің сатып алу құнының оның номиналдық құнынан асып кету сомаларын (сыйлықақы) есепке алу.

Шоттың дебеті бойынша вексельдің сатып алу құнының оның номиналдық құнынан асып кету сомалары (сыйлықақы) жазылады.

Шоттың кредиті бойынша есепке алынған вексельдер бойынша сыйлықақы сомасы N 5235 баланстық шотпен корреспонденцияға жазылады.

1434. Клиенттерге берілген заемдар бойынша дисконт (контрактив).

Шоттың мақсаты: Нақты берілген заем (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) сомасынан заемды өтеу сомасының асып түскен сомасын (дисконт) е с е п к е а л у .

Шоттың кредиті бойынша нақты берілген заем сомасынан (мәміле бойынша шығындарды есепке алғанда) сомасынан заемды өтеу сомасының асып түскен с о м а с ы (д и с к о н т) ж а з ы л а д ы .

